



KEYRON

**Автокөліктің зарядтау құрылғысы
KEYRON CAR CHARGER
KEYRON сауда маркасы
Үлгісі: KCU2AC54WPD15S**

Құрметті сатып алушы!

«Keyron» сауда маркасымен өндірілетін өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз Сізге сапасына, функционалдылығына және дизайнына жоғары талаптарға сәйкес құрастырылған және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдаланбас бұрын Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Автокөлік зарядтағышы мобильді құрылғыларды көліктің борттық желісінен зарядтауға арналған.

Сақтық шаралары

- Желілік зарядтау құрылғысын судан және басқа сұйықтықтардан, сондай-ақ жылу көздерінен алыс ұстаңыз.
- Зарядтау құрылғысын тазалау алдында оның желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Зарядтау құрылғысын бөлшектемеңіз, құлатпаңыз және шайқамаңыз.
- Зақымданған шоғырсымдармен зарядтау құрылғысын пайдаланбаңыз.
- Пайдаланбайтын зарядтау құрылғысын электр желісінен өшіріңіз.

Қауіпсіз пайдалану ережелері мен шарттары

1. Зарядтау құрылғысын желіге қосыңыз.
2. Сіздің мобилді құрылғыңызды қуаттауға арналған құрылғының коннекторын жалғағышқа қосыңыз.
3. Жұмыс кезінде құрылғы құрғақ жерде, қуатты жылу көздерінен, сондай-ақ сұйықтықтары бар ыдыстардан қашықтықта болуы тиіс.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: KCU2AC54WPD15S.
- Түсі: сұр.
- Жалғағыш: USB-C x 1, USB 3.0 x 2.
- Кіріс кернеу: 12–24 В.
- Шығу параметрлері:
 - USB-C: 5В–3А, 9В–3А, 12В–3А.
 - USB QC 3.0: 5В–3А, 9В–2А, 12В–1,5А.
- Қуаты: 54 Вт.
- Тез қуаттау: PD, QC 3.0.

Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және жою ережелері мен шарттары

- Шарттар қандай да бір құрастыру немесе тұрақты бекітуді талап етпейді
- Құрылғы ауа температурасы 5°C-дан 40°C-ға дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын өндірушінің және тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғына тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды қажет етеді, оны шаң, кір, соққылар, ылғал, от және т.б. әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымды жою қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы бұйымды дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды зиянды болдырмауға

және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші құрылғының барлық кепілді мерзім ішінде үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдары мен құрастыруында ақаулар жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдікті кезең бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілді мерзім ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүзеге асырылады.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Шэньчуан Хай-тек Электроникс Ко., Лтд.

601 каб., А аймағы, А ғим., Цзинфа Чжицзао саябағы, Сявэй Гарден, Гушу комьюнити, Сисян көш., Баоань ауд-ы, Шэньчжэнь қ., Гуандун пров., Қытай. Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011.

Өнімнің сапасын жақсарту үшін ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

EAC

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.6